

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 желтоқсандағы N 509м Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бойынша:
көрсетілген қаулыға 246-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"Балалардың тамақтануын, тұруын және оларды тестілеу пункттеріне жеткізуді ұйымдастыру" деген сөздер "Тестілеуді ұйымдастыру және өткізу" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Облыстық бюджеттерге тамаққа, жатын орынға, балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуге трансферттер аудару" деген сөздер "Тамақтандыруды, тұруын және балаларды тестілеу пункттеріне жеткізуді ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі